



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

сестры Гульмира и Гульнара Габбасовы. Сестры Габбасовы воспитанницы Б.Аюханова, также они руководители танцтеатра «Gabbasov Sister Company» в Алматы. Они работают в жанре танцтеатра, где используется и хореография, и драма, и тексты, и вокал. В каждой авторской работе они ищут новые формы, новый «хореографический язык». Поэтому в спектаклях проглядывает «физический театр», техника контемпорери, техника модерн. Что касается импровизации, то у них есть спектакли, которые имеют поставленные и закреплённые движения, хореографические комбинации. Но есть и такие постановки, в которых проработана структура и порядок хореографических или текстовых сцен, а сами движения импровизируются в зависимости от состояния танцора-актера на данный момент.

Деятельность выдающихся мастеров балетного искусства заложила основы высоких традиций хореографической культуры в Казахстане и стала частью современного художественного процесса.

Сегодня балетное искусство в Казахстане успешно развивается при поддержке государства, поскольку культурная политика нацелена на духовное развитие человека, на будущее страны. Примером служит создание в 2013 году Государственного театра оперы и балета «Астана Опера». Сегодня на сцене театра ставятся не только шедевры балетной классики, но и современные постановки известных мастеров мирового театрального искусства.

Список использованных источников

1. Вечная молодость балета //Кузембаева С.А. Воспеть прекрасное. – Алма-Ата, 1982. – С.81-93
2. Жумасеитова Г. Казахский балет в поисках национальной идентичности. // Искусствознание: теория, история, практика, №3 (4), 2012. –С. 50-54.
3. Хореографический мир Казахстана отмечает 80-летие со дня рождения легенды отечественного балета Сары Кушербаевой/Режим доступа – <http://afisha.zakon.kz/4539753-khoreograficheskijj-mir-kazakhstana.html>
4. Газизова Л. Хореография Казахстана: проблемы и перспективы. //Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски. – Алматы, 2002. – С.28-37.
5. Аюханов Б. Мой балет. – Алматы: Онер, 1988. – 104 с.

УДК 008:39

ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Султанова Улбосын Омирсейтқызы

umonka@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
«6М020400 – Мәдениеттану» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – Әбділдин Ж.М., ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор

Қазақстанды «Отаным» деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы, патриоттық тәрбиенің, ұлттық сана-сезіммен құндылық бағдарды, арман-тілекті қалыптастырудағы ерекше проблемалармен сабақтас болып отыр.

Елбасы қол қойған «2008-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының азаматтарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің Мемлекеттік бағдарламасы» дер кезінде дүниеге келіп отырғанын айта кету керек. Бағдарламаның бірқатар кемшіліктері байқалып тұрғанымен, ол қамтып отырған мәселелер ауқымы отансүйгіштік тәрбие бағытындағы атқарылуы тиіс үлкен жұмыстарға қоғамды тұтастай жұмылдыра алады деп сенеміз. Айқындап береді.

Қазақстан Республикасының президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің Қазақстан халқына – Қазақстан-2050ж стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси

бағыты жолдауы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына алға басу жолындағы Қазақстанның қалыптасуының негізгі кезеңдері таңбалаған бірегей құжаты болып табылады. Ең маңызды жеті мақсаттардың арасында, қазақстандықтар үшін барлық аталған «стратегияны» және патриоттық тәрбиені күшейтудің міндетін шешу керек. Және де президент Н.Назарбаев бұл бөлімді ерекше атайды: «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің қоғамымыздың көп ұлттық және көп конфессиялық қоғам жетістіктің негізі [1]. Өзінің жолдауында патриотизмнің және патриоттық тәрбиенің маңызды рөлін 2050 жылға дейін қазақстандық қоғамның дамуын атап көрсетті. Сол сияқты барлық қазақстандықтардың қызмет табысының негізгі іргетасы таңбаланған. Одан да басқа тараудың атауында біздің қоғамымыздың басты өзгешеліктері - оның көп ұлттылығы және көп конфессионалдығы болып табылады. Патриотизм неліктен жаңаша аталған? Оның ескі атаудан өзгешелігі неде? Жолдаудың жетінші тарауында ерекше ашылады. «Жаңа қазақстандық патриотизмге өзімізді және біздің балаларымызды тәрбиелеуіміз керек. Бұл оның барлық жетістігі және ел намысы үшін мақтанышы. Кез-келген педагогикалық анықтамада отан сүйгіштіктің дәстүрлі формуласын кездестіруге болады. Сондықтан жолдауда бұдан әрі «бүгін, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, мұндай мағынада енді жеткізілетінін тура көрсетеді. Біз бұл сұраққа прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Әдетте патриотизм, яғни отанын сүйгіш адамның туған жерге және өскен ортаға деген сүйіспеншілігімен түсіндіріледі. «Стратегияда» сезім ғана емес және де нақты әрекеттер көрсетіледі: «Біздің балаларымыз бен немерелер де өзге елге қарағанда өз отанында өмір сүру анағұрлым артық екенін түсінуі керек». Сонымен қатар, патриоттық сезіммен түсінсе, онда олардың махаббаты анағұрлым кең көлемде, яғни: «Біздің еліміздегі әрбір азамат өз жерінде қожайындық сезімін сезіне алуымыз керек», - деп жолдауда атап көрсеткен. Патриоттық тәрбие, яғни кең жоспарлы түрде қаралады. Бұл туған жерге деген махаббаттың тәрбиесі, оның қоршаған табиғатқа қамқорлық махаббатының қалыптастыруы үшін жасалған шарттары. Қазақстандық патриотизмнің жаңаша аспектілер қатарының негізіне қосылады. Біріншіден, патриотизм азаматтық тәрбиемен бірігіп, яғни адамдардың белсенділік қасиетін болжап және оның жауапкершілігін өз мойнына алу. Екіншіден, жаңа патриоттық тәрбие мен саяси тәрбиенің тығыз байланысы, жастар мен халықтың белсенді қатысуының саяси үдерісі: "2050жылы бізге саяси жүйені қалыптастыру, Қазақстанның әрбір азаматы бүгінгі күні мен келешегіне нақ сенімділікпен болу керек". Үшіншіден, патриоттық тәрбиенің жаңаша түсінігі мемлекет тарапынан әрекеті және кепілдемелерді болжайды. Құжатта тәрбиенің мынадай шарттары табысты болуы көрсетілген. «Біз елді сүйеміз, біз онымен мақтанамыз, мемлекет әр азаматтың өмір сапасын, қауіпсіздікті, тең мүмкіндіктерді және болашақтарына кепілдік береді» [1].

Патриотизм ұғымы Қазақ совет энциклопедиясының тоғызыншы томында: «Патриотизм (грек сөзі Patriotes-отандас, Patris-отан, туған жер) - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет - ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды» [2, 247] - деп көрсетілген өзінің ізгілікті мәнін сақтайды.

Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы.

Елжандылық идея-отаншылдық сезім-адамда жүре пайда болатын, жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс.

Отаншылдық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттып қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші.

«Қазақстандық патриотизм»-ұғымы осы түсінікті байыта түседі. Ол көздің қарашығындай сақтап келген туған жерін қорғау, елінің сат-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлай, ана тіліне деген сый-құрмет, елі мен жерінің өркендеіне үлес қосу, Қазақстанда мекендейтін

өзге ұлт өкілдерінің мүддесімен санасу сияқты құндылықтардан тұрады.

Патриотизмді адамгершілік қағидаларынан бөліп қарауға болмайды. Өйткені, Отан абстрактылы ұғым емес. «Отан-тірісі бар, өлісі бар, тіпті тумағандары бар-бүкіл рулар мен ұрпақтардың рухани байланысы», - дейді Д.Меренковский [2, 25].

Осы айтылғандардың барлығы патриотизм қоғамдық сананың бір формасы, тарихи және классикалық категория екенін, яғни ол да қоғам дамымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толыға түсетінін білдіреді.

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар.

Отансүйгіштік рух-қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш [3, 2-4].

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да, атап айтсақ, Өл-Фараби, Ж. Баласағұн, М.Қашқари; жыршы-жыраулары да: Асан Қайғы, Доспамбет Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет, т.б. айтқан болатын.

Зерттеуші ғалым Ғ.Меңлібаев: «Адам бойында сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтары батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек» [2,81], - деген болатын. Автор бұл жерде патриотизм мен ұлтаралық қатынас мәдениетін саралап келіп, әрбір жеке адамның қоғамдық мүдде мен жеке мүдде арасалмағына өзінің пікірін білдірген.

Патриоттық сезімнің қайнар көзі-Отан, оның мазмұны-туған жер, табиғат, оның байлықтары, тілі, тарихы, дәстүрі, туған өлкеміздің киелі орындары мен тарихы, ескерткіштері, мәдени мұралары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын саяси және рухани жағынан пайымдаудан басталды. Бұл-ұлт нышандары ар-намысын, борыш-парызын құрметтеуге үйретеді. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтардың еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезімі табандылықпен тәрбиелене түседі. Балаларға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін, оны ерекше құрметпен мақтан тұту керектігін түсіндіре отырып, ой-өрісін кеңейту және сана-сезімдерін, Отанды сүю, халқымыздың игі дәстүрлерін құрметтеу рухында тәрбиелеуіміз керек.

Отансүйгіштік сезімі сырттай қарағанда қолмен ұстап көре алмайтын, эфемерлі, субъективті, нақты қажеттігі шамалы тәрізді сезім болып көрінгенімен, іс жүзінде елдің қауіпсіздігі, дамуы мен келешегі үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Өйткені жеке адамның дүниетанымынан бастап, жалпы қоғамдық санаға дейінгі деңгейде бұл сезім жеткілікті дамымаған болса-ондай қоғамның, мемлекеттің болашағы бұлыңғыр болмақ. Мәселен, қандай да болмасын Армияны ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтарына сүйенген ең жаңа қару-жарақпен қаруландырғанымен, армияның ең басты бөлшегі-жеке жауынгердің бойында осы отансүйгіштік сезімі, рух, өр мінез, Отан алдындағы борыш, әскери қабілеті жеткіліксіз болар еді. Мұндай армия ең алдымен өз басының қамын, қалтасының қалыңдығын ойлайтын қоғам өз мүшелерінің бойында алдымен Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам алдындағы жауапкершілік, ұлттық идея сияқты биік сезімдерді қалыптастыруға тырысады [4, 160].

Жаһандану бұл тек технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктер емес, ол отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың арасындағы елдің қадір-қасиетіне жету, халықтың ойындағысын тап басып біліп, орындап отыру барысындағы бәсекелестігі десек те болғандай.

Патриот - ол Қазақстанды шын сүйетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, бойында адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттері бар, халқының дәстүрі мен Отанына деген сүйіспеншілігі мол адам деген болатын. Сондықтан қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейтіні белгілі. Жалпы,

патриотизмді қалыптастыру-бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейді. Өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғам өркендеп, талап күшейіп, талғам артып халыққа қызмет етуде үлкен бір серпіліс болуы қажет.

Ғылыми зерттеулерде отансүйгіштіктің қалыптасуына, бағытына байланысты мемлекеттік, этностық және туған жерге деген патриотизм деп жіктеп жүр. Басқа түрлері туралы да пікірлер жетерлік. Бұл патриотизмнің әлеуметтік- мәдени құбылыс екендігін көрсетеді. Себебі, ол идея, сезім және іс-әрекет үлгісі ретінде байқалады. Сондықтан патриотизм идея ретінде қоғамдық санада, үлгі ретінде мәдениетте және белсенді іс-әрекет ретінде саясат пен экономикада көрініс табады.

Қазақстандық патриотизм-мемлекеттік патриотизм идеясы. Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқы этностық патриотизм сатысынан өтті. Патриотизмді дамытудың басты шарты-Қазақстан халқының бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтауы. Құм, кесек, су, топырақты кез келген бала қалаған формасына келтіре алады. Егер де осыларды цементпен араластырсаңыз бетонға айналады. Енді оны бала түгіл ересектердің өзі қолымен бұзып, үгіте алмайды. Олардың бөлшектенуіне ерік бермей тұрған-цемент. Осы тектес миллиондаған отандастарымызды бір-біріне байлап тұрған-Отанға деген сүйіспеншілік. Оны қалыптастыратын-патриотизм. Бірақ патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі-Отан. Ал оның мазмұны-табиғаты, оның байлықтары-жері, тарихы, тілі, т.б. Сондықтан біздегі патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Мысалға, елімізде өмір сүріп жатқан өзге диаспоралар Абылайхан, Бөгенбай, Қабанбайды, Ахмет, Әлихан, Мұстафаны отанын қорғаған батырлар ретінде тануы және өз қаһармандары ретінде қабылдаулары керек. Себебі Отан үшін құрбан болғандар, олардың да батырлар болып қабылдануы қалыпты жағдай. Өйткені оларға Отан болған жар үшін, өмір сүрулеріне жасалған жағдай үшін құрбан болғандарға құрмет көрсету азаматтық парызы.

Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана сіңімді әрі әсері мол болады. Халқымыздың бағзыдан келе жатқан тарихы, қалыптасқан салт санасы бар. Патриотизм сонымен үйлескенде ғана нәтиже береді. Елбасымыздың болашақты болжай алатын көрген саясаткер екендігін Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранына «Намысын бермеген қазағым мықты ғой» деп өзгеріс енгізгенін байқауға болады. Егер назар салсақ мемлекеттік Әнұранда тек қазақ ұлты туралы айтылып тұр. Себебі еліміздің кез-келген азаматын шет мемлекеттер қазақ деп таниды. Қазақ емес талай отандастарымыз шет елге барып, өздерінің қазақ азаматы екендігіне көздерін жеткізіп қайтып жатыр. Енді бұл процесті жеделдетудің төте жолы ұлттық патриотизмді дамыту. Егер ұлттық патриотизмді дамытатын болсақ, еліміздегі өзге этникалық топтарды отаншылдық рухта тәрбиелеуді жеделдетер едік. Сондықтан ендігі маңызды мәселе патриотизмді ұлттық сипатта жүргізілуінде жатыр. Әлемдегі барша мемлекет ұлттық сипаттағы патриотизмді насихаттауда. Мұның себебін, жоғарыда айтқанымыздай, мемлекеттегі титулды ұлттың табиғатына, мәдениетіне, болмысына жақын табиғи патриотизм ғана өміршең болмақ. Себебі, бұл тәсіл халықтың жүрегіне жақын, ақылға қонымды болып келеді. Оған мысал, қай елге барсаңы да шаңырақтың иесі қай ұлт екені көрініп, сезіліп тұрады. Мемлекеттік саясаттары сол ұлттың өкілі екенін мақтап тұтатындай сезім қалыптастыра жүргізіледі [5, 24].

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы/http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/arkhiv/poslanija_prezidenta_rk_narodu_kazakhstan/
2. Қазақ Совет энциклопедиясы./Бас.ред.М.К.Каратаев, 8-ші том.Алматы, 1976. – Б.664

3. Әбсәттарұлы Ф. Ұлттық патриотизм – Жалын.-2011-№5-2-46.
4. Абдеш Қалмырзаев. Казахстанский Патриотизм. - Алматы: Ғылым, 2003.-460с
5. Есім Ғ.Қазақ елі-мәңгілік. Құраст:А.Құлсариева.-Алматы: Қазақ университеті, 2008.-240б.

УДК 337

ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Татыханова Еркежан Бауыржанқызы

tatykhanova@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.М.Мақимбаева

Кемел келешегіміз саналатын ұрпақтың өсіп-өркендеуі – қоғам үшін маңызы зор құндылықтың бірі. Жастар - бұл мемлекеттің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдері. Елбасымыз «Жастар – үкілі үміт, асқақ армандарымыздың жарқын көрінісі» деп, сенім артқан болатын.

Қазір бар күшті жастардың қазақша сөйлеуіне салу керек. Мемлекеттік тілді білмейтін студентті Президенттің Тіл туралы заңдарын орындамаған азамат ретінде танып, Қазақстан атынан шетелге жіберуді тоқтату керек. Бүгін қазақша сөйлемей тұрған қыз-жігіт басқа елге оқуға кеткен соң, мемлекеттік тілден мүлде қол үзеді. Өз тілін білмей, Президенттің заңдарын құлағына қыстырмай өскен жасты «Болашақ» бағдарламасынан қаржыландыру – сыпайылап айтқанда, өзімізді өзіміз мазақтағанымыз, турасына келсек – ұлттық қауіпсіздігімізді бәске тіккеніміз. Ұлттық тірегі қалыптаспаған қазақстандық талантты жастарды барған ел алдағы күні пайдалану үшін қармағына түсірмейтініне кім кепілдік бере алады? – Әрине, ешкім де. Қазақстан халқының көпшілігін құрайтын жастарды мемлекеттік тілде сөйлетпей, болашаққа үміт арту елес қуғанмен парапар, өйткені тілмен даритын ұлттық рух әлжуаз жерде жаһанданудың табанына тапталып, ұлттық әлеуетімізден біржолата айырылып қалуымыз ғажап емес. «Мен жастарға сенемін», - деген екен М.Жұмабаев. Содан бері көп жыл өтті. Заман өзгерді, заң өзгерді, орта өзгерді, адам өзгерді. Тамырсыздандыру саясатын бастан кештік, Батыстың әлем-жәлемі келді, есірткі, жезөкшелік шықты, жұмыссыздық, кедейшілік әлі сақталып отыр. Ойы онға, санасы санға ыдыраған жастарымыз жаһандану салмағына шыдамай, жігерін жасытып ала ма деген күдік бар.

Шынына келсек, дәл қазір жастар саясаты жөнге қойылмаған. Жастар ұйымдарының саны бар да, сапасы жоқ. Өміршең емес. Бүгін ашылып, ертең жабылып жатады. Ұлттық, елдік, мемлекеттік мәселелерді емес, жеке бастың мүддесін көздеуді мақсат еткендей. Тіпті жастардың өміріне, болашағына кері әсерін тигізетін, мысықтабандап келген «субмәдениеттің» республикамызда дамуына шектеу қоятындай, екшеп-текшейтін, қадағалап, тиімді-тиімсізін сараптап қадағалайтын арнайы заң жоқ. Батыстан келген ақпараттық тасқын, технократтық даму өз залалын тигізе бастады, қазақ ұлтына тән қасиеттерінің бәрін жалмап, жұтып барады. Бұрындары қазақ жастары «пирсинг» немесе «татуировка» таңбалап алмайтын, қазір бұл қалыпты жағдайға айналып барады.

Болашақ - жастардың қолында екенін еске алсақ, ойға қаяу түсетіні бар. Бұл жастардың арасында кең етек алған жаңа топтың қазақ қоғамында келіп жеткенін көз көріп жүр. Қоғамнан оқшау жүретін, өзгелерден өзгеше, өзіндік өмір сүру дағдысы бар, өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы мәдениетке наразы екендіктерін оғаш қылық пен бейтаныс бет-пердемен хабардар ететін жастардың белгілі бір тобы «субмәдениет» өкілдері бар. Олар суицидті, депрессияны насихаттағандай, үнемі психологиялық күйзелісте, ашумен жүретін көрінеді. Жыл санап ғылым-білімге ден қоятын жастардың саны азайып келеді.